ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ЖЕТІСАЙ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ

АБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ

ӨКІМ

АКИМАТ ЖЕТЫСАЙСКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

АКИМ АБАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Жүзімдік ауылы

ӨКІМ

«13» 02 2026 жыл

село Жузимдик

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 14 Ө/НК

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106-VIII Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1.Мемлекеттік мүліктің тізілімі дереккорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтерді алу үшін "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамымен Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармақшасы негізінде шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін қолдана отырып сатып алу ұйымдастырылсын.

2.Табиғи газды құбыр желілері арқылы тасымалдау қызметтерін көрсету бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде "QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамымен шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін қолдана отырып сатып алу ұйымдастырылсын..

3.Жалпы энергетикалық қызметтер бойынша қызмет көрсетулер бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде «Оңтүстік Жарық Транзит» жауапкерлігі шектеулі серіктестігімен шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін қолдана отырып сатып алу ұйымдастырылсын.

4.Ауыз су құбыр желілері арқылы тасымалдау бойынша қызмет көрсетулер бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде "Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жетісай су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін қолдана отырып сатып алу ұйымдастырылсын

5.Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

Негіздемесі: " Абай ауылдық округі әкімі аппараты" ММ-нің бас маманы Т.Жакиповтың қызметтік хаты.

Абай ауылдық округі әкімі **Б.Оспанов**